

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития»**. - 2018. – Т.1, Ч.2. - Б. 392-393.

АУЫСПАЛЫ ЕГІС ЖҮЙЕСІН ЖОБАЛАУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Нұрғали С.А., магистрант

Ауыспалы егіс жүйесін жобалаудың әдістері мен тәсілдеріне, оның негізделуіне ауылшаруашылық кәсіпорынның табиғи және экономикалық жағдайлары маңызды әсерін тигізеді. Территорияның жоғары деңгейде (80-90%) айдалғандығымен, құнарлы қара топырағының басымдылығымен, қайталап соғатын құрғақ желді климаттың болуымен сипатталатын далалық аймақтардағы жобалаушылардың негізгі міндеті, ауылшаруашылық дақылдары егістігіне қолайлы агроклиматтық жағдайлар құру және жыртылған жерді дефляциядан қорғауды қамтамасыз ету үшін ауыспалы егіс танаптарын, орман белдеулерімен, жолдармен дұрыс келістіріп орналастыру болып табылады. Жобалау орман жолақтарын орналастыру бағытын анықтаудан басталады[1]. Далалық жазықты аймақтардағы жер бедері, топырақтың біркелкілігі және ауқымды жыртылған жер массивінің болуы, механикаландырылған өңдеу жұмыстарын орындауға қолайлы болу үшін танаптарды және жолақ аралық учаскелерді дұрыс пішінді, ал орман белдеулерін өзара перпендикулярлы бағыттарда жобалауға мүмкіндік береді. Егер орман жолақтары мен жолақ аралық учаскелер бұрыннан қалыптасқан болса, олардың межелерін өзгертпестен, ауыспалы егіс территориясын реттестіру кезінде танаптар осы учаскелерден қалыптастырылады [2].

Осы кезеңдегі жерге орналастырулық жобалаудың маңызы кез келген ауылшаруашылық кәсіпорынның ең құнды алаптары болып табылатын жыртылған жердегі егіншілік жүйесін негіздеуге саяды. Егіншілік жүйесі ауылшаруашылық дақылдардан жоғары өнім алу мақсатында топырақтың құнарлылығын арттыруға, жерді тиімді пайдалануға бағытталған ұйымдастыру экономикалық, агротехникалық, мелиоративтік және топырақ қорғау сияқты өзара байланысты шаралар кешені дегенді білдіреді. Территорияны ұйымдастыру, ауыспалы егістерді енгізу, топырақты өңдеу тыңайтқыштар енгізу, топырақты эрозиядан қорғау, жерді мелиорациялау және басқа шаралар жыртылған жердегі егіншілік жүйесінің негізгі элементтері болып табылады.

Жыртылған жер территориясын ұйымдастыру дегеніміз ауыспалы егіс жүйесін және ауыспалы егістен тыс учаскелерді жобалау, оларды тиімді орналастыру, бригадаларға немесе өндірістік бөлімшелерге бекіту, ауылшаруашылық дақылдардың кезектеліу схемаларын әзірлеу, танаптар мен жұмысшы учаскелерді, орман белдеулерін, жол торабы мен басқа элементтерді жобалау[3].

Ауыспалы егіс жүйесі егіншілік жүйесінің басты байланыстырушы тізбегі. Ол ауыспалы егістердің типін, түрін, санын, өлшемдерін және орналасу үйлесімін көрсететін шаруашылықтағы ауыспалы егістер жиынтығы. Мұнда ауыспалы егіс технологиялық және территориялық мағынада түсіндіріледі. Технологиялық мағынадағы ауыспалы егіс дегеніміз пармен әртүрлі ауылшаруашылық дақылдардың кеңістікте (танаптар бойынша) және уақытылы (немесе уақытылы бір танапта) кезектелуі. Егістіктердің кезектелуі танаптарды механикаландырылған өңдеу жағдайларын, топырақтың құнарлылығын қалпына келтіруге бағытталған шараларды жыл сайын өзгерту қажеттілігіне әкеліп соғады. Сондықтан ауыспалы егістің экономикалық негізі ішкішаруашылық қажеттілік пен нарық сұранысын қанағаттандыруды ескере отырып әзірленетін егістік алқаптарының ғылыми негізделген құрылымы құрайды. Ауыспалы егістің ұйымдастыру шаруашылықтық маңызы егістік алқаптарының тиімді құрылымы мен қатар, өнім өндірісін арттыру үшін, барлық техникалық құралдар мен жұмысшы күшін жоғары өнімділікпен пайдалануға саяды[4].

Ал территориялық мағынадағы ауыспалы егіс танаптар мен жұмысшы учаскелерге бөлінген, жолдармен, сумен жабдықтау және эрозиядан қорғау элементтерімен қамтамасыз етілген арнайы ұйымдастырылған жыртылған жер массиві[5]. Ауыспалы егіс жүйесін енгізу келесідей үш міндетті шешуге бағытталған:

- ауылшаруашылық дақылдарының жер учаскелеріне қоятын әртүрлі талаптарын есепке алу негізінде өсімдіктердің өсіп дамуы үшін қолайлы жағдай құру;
- танаптарды механикаландырылған өңдеу жөніндегі өндірістік процестерді, жүк тасымалдауды, өнімді сақтау және қайта өңдеуді дұрыс ұйымдастыру арқылы егіншілік жүйесіндегі еңбек өнімділігін арттыру;
- тиімді егіншілік жүйесін жүргізу негізінде топырақтың құнарлылығын сақтау және көтеру, топырақты эрозиядан қорғау шараларын енгізу.

Ауыспалы егістіктер шаруашылықтардың мамандандырылуын және аймақтың табиғи-климаттық ерекшелігін ескере отырып енгізілуі тиіс. Айналымы қысқа дәнді-дақылды ауыспалы егісте пар кең өріс алуы қажет. Ауыспалы егістерде әр аймақ үшін еңбек пен қаражатты аз жұмсап мол өнім алуды қамтамасыз ететін, экономикалық жағынан ең пайдалы дақылдар таңдалып егілуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Жер кодексі. 2003 ж. 20 маусым № 442-II. (2006.07.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). Астана, 20 маусым 2003 ж.
2. Землеустроительное проектирование Под ред. Гендельмана М.А., Учебник. – Астана. «ЭВЛЮ» 1999г.
3. Гендельман М.А., Қырыкбаев Ж.К. Жерге орналастырудың және кадастрдың ғылыми негіздері. Астана. Оқулық. 2004ж.
4. I Williamson, S Enemark, J Wallace, A Rajabifard. Land administration for sustainable development [Текст]. ESRI Press Academic, 2010.
5. Абдығалиева С.С., Жерге орналастыру, Оқу құралы. Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2012ж.

Жетекшісі: э.ғ.к., доцент Карбозов Т.Е.

